

"Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірінғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарлату туралы" Байзақ аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 мамырдағы № 2-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 наурыздағы № 26-9 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 сәуірде № 3776 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 ақпандағы № 18-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 26.02.2024 № 18-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына сәйкес, Байзақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірінғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарлату туралы" Байзақ аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 мамырдағы № 2-3 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3110 болып тіркелген, 2016 жылғы 25 маусымдағы "Ауыл жаңалығы - Сельская новь" газетінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі келесідей мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 509 бабының 5 тармағына және 704 бабының 3 тармағына сәйкес, Байзақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**"

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Байзақ аудандық мәслихатының " Аумақты экономикалық дамыту, қаржы, бюджет, әкімшілік аумақтық құрылым, адам құқығын қорғау мәселелері және жер учаскелерін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау" жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысы*

Р. Сапарбеков

Н. Тлепов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК